

Жазыкова Раушан Балгалиевнаның «8D02304 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Ономастикалық дискурстың ерекшеліктері» диссертациялық жұмысына

ПКІР

Қазіргі тіл білімінде зерттеу бағыттары антропоөзектік арнаға бет бұрып, ғылымда тілге жаңаша талдау жасау үрдісі орнығып, зерттеудің тың парадигмалары қалыптаса бастады. Осы өзгерістердің аясында ономастикалық бірліктерді дискурс теориясы тұрғысынан қарастыру өзекті ғылыми бағдарға айналып отыр. Бұл үдеріс ономастика мен дискурс ұғымдарын өзара сабактастыра зерттеу арқылы когнитивті-дискурстық парадигманың шеңберінде жүзеге асып келеді. Мұндай бағыт ономастикалық атауларды зерттеуде танымдық және коммуникативтік тәсілдерді ұштастыру негізінде қалыптасты.

Ономастикалық атаулар дискурстың ажырамас элементтері ретінде тілдік қатынас барысында қолданылады және ұлттық-мәдени ақпаратты ұрпақтан ұрпаққа жеткізуі құрал қызметін атқарады. Осы арқылы ономастикалық бірліктер тек тілдік құрылым немесе атауыштық элемент қана емес, сонымен қатар идеологиялық және мағыналық жүктемесі бар дискурстық бірлік болып саналады. Олар тарихи жадты, мәдени кодты және ұлттық болмысты сақтап, жеткізуі құрал ретінде де маңызды. Мұның айқын көрінісі Қазақстан тәуелсіздігінен кейінгі ономастикалық қеңістіктері өзгерістерден байқалады. Жаңа дәүірде ғұл атаулар медиадискурста дискурстық стратегиялар арқылы жаңаша мазмұнға ие болып, символдық мағына жүктейді немесе белгілі бір идеологиялық мақсаттарға қызмет етеді. Ономастикалық атауларға деген қоғамдық көзқарас сол кезеңдегі әлеуметтік пікірлер арқылы қалыптасып, оларды әлеуметтік дискурстың өзекті тақырыптарының біріне айналдырады. Сонымен қатар мемлекеттік тіл саясаты да ономастикалық дискурспен тығыз байланыста дамиды. Ғұл саясат ресми дискурста ономастикалық атауларды бекіту, халыққа ұсыну және түсіндіру әрекеттерінен көрінеді. Осы аталған мәселелер қазақ тіл білімінде терең әрі арнайы зерттеуді талап етеді. Қазіргі кезде ономастика түрлі аспектілерден – құрылымдық, когнитивтік тұрғыдан жан-жақты қарастырылғанымен, дискурстық қырынан жүйелі зерттелген еңбектер саны аз. Ғұл жағдай аталған тақырыптың өзектілігін нақтылай түседі.

Зерттеу жұмысының бірінші тарауында ономастикалық дискурстың теориялық негіздері айқындалған. Алғашқы тармақта ономастика мен дискурс теориясының арақатынасы жан-жақты талданып, ономастиканың этимологиялық, семиотикалық, прагматикалық аспектілері мен дискурс теорияларының (құрылымдық, постструктураллистік, әлеуметтік-саяси, сынни, феминистік, мәдени) байланыстары қарастырылған. Осы аспектілер негізінде ономастиканы дискурстық тұрғыда зерттеуге қатысты ғылыми пікірлер салыстырылып, талдау жүргізілген. Ғұл бағытты жеке ғылыми сала ретінде

қарастыратын зерттеушілердің онимдерді мәтіндік құрылымдар (бүгілген мәтін, сыйылған мәтін, кішірейтілген мәтін) ретінде талдауға ұмтылатыны байқалады. Ономастика мен дискурс теориясының ұстанымдары негізінде бір-біріне қатысты анықтамалар беріліп, ономастикалық дискурс ұғымына нақты түсініктеме ұсынылған. Екінші тармақта ономастиканың дәстүрлі қалыптасқан бағыттары сипатталып, қазақ ономаст-галымдарының еңбектері сараланып, олардың дискурстық аспектіге көніл бөлгендігі дәлелденген. Зерттеулерден алынған тұжырымдар талданып, диссертант ономастиканы дискурстық аспектіде зерттеуді ғылыми парадигмаға енгізуі ұсына отырып, оның дәстүрлі бағыттардан айырмашылығын кесте түрінде көрсеткен. Сонымен қатар "ономастиканың дискурстық аспектісі" ұғымына нақты анықтама берілген. Бұл бағыт ономастиканың бұрынғы зерттеу бағыттарымен өзара сабактасып, бірін-бірі толықтыра түсетініне назар аударылған. Ономастикалық дискурсты талдау дискурстық бірлік ретіндегі оним ұғымынан басталатыны түсіндіріліп, дискурс пен мәтін арасындағы айырмашылықты үшінші тармақта нақты мысал арқылы талдап, ашқын. Мәселен, "Ақмола" атауы ономастикалық дискурс пен ономастикалық мәтін шеңберінде талданып, әрқайсысына тән талдау алгоритмдері (5 және 6 қадамнан тұратын) ұсынылған. Жалқы есімдердің дискурстағы қызметі, олардың семантикалық, прагматикалық, когнитивтік және мәдени ерекшеліктері қарастырылып, нақты әлеуметтік-когнитивтік жағдайларда қалай жұмсалатыны анықталған. Төртінші тармақта ономастикалық дискурстағы онимдердің орны мен қызметі арнайы қарастырылып, олар дискурстық құрал, дискурстық рөл және дискурстық өріс ретінде талданған. Бұған «Ұмай ана» мифонимін мысалға ала отырып, дискурстық бірліктердің қызметі жүйеленіп, терминдерге анықтамалар беріліп, олар кесте арқылы реттелген. Сонымен қатар, дискурстық өрісті анықтауда қолданылатын дискурстық талдау әдісінің (ұстірт және астырт құрылым) нақты мысалда қалай қолданылатыны көрсетілген. Google сауалнамасы арқылы алынған мәліметтер негізінде «Ұмай ана» бейнесінің тілдік санадағы көрінісі талданып, нәтижесі қорытындыланған.

Екінші тарауда ономастикалық дискурстағы танымдық модельдерді мифтік кеңістік пен киелі атаулар арқылы саралау мақсаты қойылған. Бірінші тармақта қасиетті деп танылатын кеңістіктердің (топонимдер, гидронимдер) мифологиялық уәжділігі зерттеліп, «Қазығұрт», «Ырғыз» сияқты атаулардағы ономастикалық және мифологиялық білім, олардың ұғымдық құрылымдары когнитивтік талдау әдістерімен зерделенген. Бұл мифотопонимдерге концептуалдық талдау жасалып, тілдік кодты қайта қалпына келтіруге ұмтылыс жасалған. Олардың танымдық моделін үш компонент негізінде – ұғымдық, бейнелі-ассоциативтік және құндылықтық құрылымдар – айқындаған. Екінші тармақта гидронимдерге қатысты когнитивтік құрылымдар зерттеліп, Бұрқанбұлак, Есік, Әулиесу, Жайық атаулары арқылы ономастикалық дискурстағы мифологиялық уәждер мен тілдік-мәдени білім жүйеленген. Бұл атаулардың мифтік мазмұнмен байланысы, олардың кейбірінде (Бұрқанбұлак, Әулиесу) мифтік мән тікелей

көрінетіні, ал басқаларында оны тану үшін мифтік мәтіндерді білу қажет екені анықталған. Үшінші тармақта мифотопонимдер мен мифогидронимдердің ішкі құрылымын талдау арқылы олардың символдық мазмұны ашылып, Арыс, Ақсу, Жер-Су, Жылаған ата, Майлыкент сияқты атаулардың астарында жатқан мифтік білім дискурстық талдау арқылы зерделенген. Мұндай талдау ономастикалық дискурс шеңберінде ғана мүмкін екендігі негізделген. Төртінші тармақта халықтық лингвистикаға қатысты атауларға халықтық түсініктер, аңыз-әпсаналар негізінде жасалған интерпретациялар талданған. Мираш, Мапырашты, Шапырашты, Жалайыр этнонимдері нақты тарихи, мәдени және сакралды оқиғалармен байланыстырылып, олардың ономастикалық дискурстың қалыптасуындағы рөлі көрсетілген. Бесінші тармақта қазіргі есімдерге жасалған дискурстық талдау арқылы 2020–2025 жылдар аралығында қойылған антропонимдер мысалында ұлттық болмыс пен жаһандық үрдістердің тоғысы қарастырылған. Діни есімдердің басым қолданылуы қоғамдағы діни құндылықтардың әсерін көрсетсе, ұлттық есімдерді түсініп, оларды таңдау қажеттігі де назарға алынған. Сонымен қатар, қазіргі ата-аналардың есім қоюдағы көзқарастары мен шешімдеріне әсер ететін факторларды анықтау үшін сауалнама жүргізіліп, оның нәтижелері қорытындыланған.

Ізденуші докторантурада оқу барысында, диссертациялық жұмысты дайындау кезінде және «Ономастикалық дискурс: мифологиялық аспекті» гранттық жобасын орындаушы жұмыс тобы құрамында өзінің ғылыми-зерттеу жұмысын жеткілікті игергенін көрсетті.

Жұмыстың нәтижелері бойынша 9 мақала жарияланған, оның екеуі Scopus мәліметтер қорына кіретін журналдарда (біреуі Eurasian Journal of Applied Linguistics, Процентиль 84%, Q 1 болатын ғылыми журналда) жарық көрген. З мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда және 2 мақала халықаралық ғылыми конференция жинақтарында, оның ішінде біреуі шетелде өткен конференция материалдарының жинақтарында, 2-еуі өзге басылымдарда жарияланған.

Қорыта айтқанда, Жазыкова Раушан Балгалиевнаның диссертациялық жұмысы «8D02304-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын барлық талаптарға жауап береді. Ғылыми жұмыстың жазылу деңгейі мен теориялық және практикалық құндылығын ескере отырып, аяқталған ғылыми жұмыс ретінде қорғауға ұсынамыз.

Отандық ғылыми кеңесші: КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРДАР ЛОГАМЫРСОНАЛДЫ
филология ғылымдарының докторы,
профессор

К.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнерлік
университеті, Ақтөбе қаласы

29. 03.2025



Садирова К.К.